



**№ 2 Ж Жабаев атындағы бастауыш мектебінде полиция бөлімімен бірлескен «Жасөспірім»
онкүндік іс-шараның жоспары**

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Орындаушы	Жауапты
1	2026 жылдың сәуір айының 01-10 аралығында «Бала еңбегін болдырмау және оның алдын алу» мақсатында көктемгі ауылшаруашылық жұмыстарына сабақ кезінде тартылмаудың алдын алу мақсатында күндізгі рейд жұмыстарын ұйымдастыру	01-10-шы сәуір аралығында	Мектеп инспекторы Сабден Гаухар ДТЖО М.Нурманова Педагог-психолог О.Залова Әлеуметтік педагог Б.Қамбаева А.Әбиев	ДТЖО М.Нурманова Мектеп инспекторы Сабден Гаухар
2	Түнгі уақытта тұрғылықты жерінен тыс жерлерде заңды өкілсіз жүретін кәмелетке толмағандары анықтау барысында «Түнгі рейд қаладағы бала» түнгі рейдтік әс-шараларды ұйымдастыру	тұрақты	Мұғалімдер: Абишов Ж Дүйсенбекұлы Е Төребеков Е Дүйсенбекұлы Н Сайлауов Д	ДТЖО М.Нурманова Мектеп инспекторы Сабден Гаухар
3	«Балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу және болдырмау» тақырыбында Шардара аудандық полиция бөлімінің мектеп инспекторларымен кездесулер	02.04.2026 ж	Мектеп инспекторы Сабден Гаухар Педагог-психолог О.Залова	ДТЖО М.Нурманова Мектеп инспекторы Сабден Гаухар

	ұйымдастыру			
4	Құқық бұзушылық, әлімжеттік, зорлық-зомбылық, ақша жинау, нашақорлық пен есірткі, темекі және алкоголь өнімдерін пайдаланушыларды анықтау мақсатында Сауалнама		Педагог-психолог О.Залова	ДТЖО М.Нурманова Мектеп инспекторы Сабден Гаухар
5	Мектеп оқушылары арасындағы көшбасшылыққа, құқық бұзушылыққа және оқушылар арасында әлімжеттік жасайтын, мектеп ережесіне бағынбайтын оқушыларды тізімдік мектепшілік есепке алу және олармен профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру	03.04.2026 ж	Педагог-психолог О.Залова Тәлімгер Д.Байтасова	ДТЖО М.Нурманова Мектеп инспекторы Сабден Гаухар
6	«Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау туралы» 1-4 сыныптар	06.04.2026 ж	Сынып жетекшілер	ДТЖО М.Нурманова Мектеп инспекторы Сабден Гаухар
7	Балалармен жасөспірімдер арасында көктемгі ауылшаруашылық жұмыстарына тартылмаудың алдын алу және олардың автокөлік құралдарын заңсыз айдауға болмайтыны жөнінде ата-ана жиналыстарында ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	08.04.2026 ж	Сынып жетекшілер	ДТЖО М.Нурманова Мектеп инспекторы Сабден Гаухар
8	Аз қамтамасыз етілген отбасы	13.04.2026 ж	Әлеуметтік педагог	ДТЖО

	балаларының және қолайсыз отбасы балаларының, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, сабаққа себепсіз қатыспай рұқсатсыз кететін оқушылармен олардың ата-аналарымен түсінік жұмыстарын жүргізу (ҚР заңнамаларында көрсетілген құқықтарымен таныстыру)		Б.Қамбаева А.Әбиев	М.Нурманова Мектеп инспекторы Сабден Гаухар
9	Атқарылған жұмыстар бойынша әлеуметтік желілерге, аудандық баспасөз беттерінде мақалалар жариялау, сілтемелерін АББ-не жолдау	15.04.2026ж	Ұйымдастырушы педагог А.Үсенбаева	ДТЖЖО М.Нурманова Мектеп инспекторы Сабден Гаухар

Дайындаған: М.Нурманова

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде
«Заң мен тәртіп халықтық Конституция
құндылықтары» сынып сағатынан көріністер**



	<p>(мысалы, мектептерде, қауымдастықтарда және құқықтық жүйелерде) қалай көрінетінінің мысалдарымен бөлісіңіз.</p> <p>Топтық жұмыс: Оқушыларды шағын топтарға бөліп, әр топқа қақтығысты немесе заңдар мен құндылықтар сыналатын жағдайды (мысалы, мектепте алдау, қорқыту, вандализм) қамтитын сценариймен қамтамасыз етіңіз.</p> <p>3 топқа тапсырма:</p> <p>1. Сценарийге қолданылатын заңдарды немесе ережелерді анықтаңыз.</p> <p>2. Жауапкершілік, әділдік, адалдық және құрмет құндылықтарының жағдайға қалай қатысы барын талқылаңыз.</p> <p>3. Өз нәтижелерін сыныппен бөлісу үшін қысқаша презентация дайындаңыз (2-3 минут).</p>	<p>Әр топ өз сценарийін және қорытындыларын сыныпқа ұсынады.</p>	<p>Рефлексия:</p> <p>Барлық презентациялардан кейін әр сценарийден не үйренгені және осы құндылықтарды өз өмірінде қалай қолдана алатыны туралы қысқаша талқылау жүргізіңіз.</p>	
Қорытынды	<p>Қорытынды және бағалау:</p> <p>Қайталау: Сабақта талқыланған негізгі ойларды қорытындылау.</p> <p>Үй тапсырмасын беру: Оқушылардан талқыланған құндылықтардың бірін (жауапкершілік, әділдік, адалдық немесе құрмет) қолдануға тура келген өміріндегі жағдай туралы және оның нәтижесі қандай болғаны туралы қысқаша абзац жазуды сұраңыз.</p>	<p>Оқушылар диалогқа түседі. Өз пікірлерін ортада талқылайды.</p>	<p>Топтық талқылаулар мен әрекеттерге қатысу.</p> <p>Топтық постерлердің сапасы мен креативтілігі.</p> <p>Тақырып пен талқыланған құндылықтарды түсінгендері туралы кері байланыс беріңіз.</p>	
	<p>Қауіпсіздік сабағы</p>	<p>Пікір алмасады. Жауаптарын тақтаға жазады.</p>	<p>Талқылаулар мен презентациялар кезінде қатысуды бағалаңыз.</p>	<p>Үлестірме материалдар</p>

Мекеніңізге
25.05.2026
Ал

Ата-аналар жиналысының

Хаттамасы №3

Күні, айы, жылы: 13.05.2025 жыл

Барлығы: 14 ата-ана, Қатысқаны- 10 ата-ана

Күн тәртібінде:

- 1.2025-2026 оқу жылын қорытындылау
- 2.Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру
- 3.Жаз мезгілінде оқитын әдеби кітаптар тізімі
- 4.Ағымдағы мәселелер

Жиналыс барысы:

1-мәселе: 2025-2026 оқу жылын қорытындылау

Сынып жетекші Исаева.Г оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың үлгерімі мен тәртібі туралы айтты. Барлық оқушылар оқу жылын аяқтап, келесі сыныпқа көшті. Ата-аналарға оқу процесіндегі қолдау көрсеткендері үшін алғыс білдірілді.

2-мәселе: Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру

Сынып жетекші ата-аналарды жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстырып, бейне ролик көрсеттуі: судағы, көшедегі, оттан, биіктіктен болатын қауіптердің алдын алу; бейтаныс адамдармен қарым-қатынаста сақ болу; интернет қауіпсіздігі мәселелері де қозғалды.

3-мәселе: Жаз мезгілінде оқитын әдеби кітаптар

Сынып жетекшісі жазғы демалыста балалардың кітап оқуға қызығушылығын жоғалтпау үшін арнайы ұсынылатын әдебиеттер тізімімен таныстырды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сай ертегілер, қысқа әңгімелер, мысалдар ұсынылды.

4-мәселе: Ағымдағы мәселелер

Мектеп формасы, жаңа оқу жылына дайындық және басқа да ұйымдастыру сұрақтары талқыланды.

Шығып сөйлеушілер:

Ата-ана: Мөлдірдің анасы бүгінгі жиналыста айтылып жатырған мәселердің барлығыда орынды. жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігі мен оқу әрекетін үзбеу мәселесі басты назарда ұстайтын боламыз.

Ата-ана: Сержанның анасы келесі оқу жылына бекітілген қанық көк түсті мектеп формасын аламыз. Қауіпсіздік ережелерін қатаң ұстанамыз, таныстырылған кітаптар тізімін оқитын боламыз.

Қаулы етті:

I. Ата-аналар ақпаратты назарға алды.


II. Ата-аналар балалардың қауіпсіздігін қадағалауды жауапкершілікпен орындауға келісті.

III. Ата-аналар ұсынылған әдебиеттерді балаларға оқуға беруге келісті.

IV. Ата-аналар жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарына белсенді атсалысуға келісті.

Жиналысты жүргізген:

Хатшы:



Г.Исаева

А. Болатбекова

2«Г» сынып оқушыларының жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен танысқандығы туралы мәлімет
2025-2026 оқу жылы

№	Оқушының аты-жөні	Оқушының қолы	Ата-ананың қолы
1	Бодушев А		<i>[Signature]</i>
2	Бауржанұлы Ж		<i>[Signature]</i>
3	Байғұма А		<i>[Signature]</i>
4	Будайқұлы М		<i>[Signature]</i>
5	Қамбарбек К		<i>[Signature]</i>
6	Будаберген Д		<i>[Signature]</i>
7	Асбек Аяноз		<i>[Signature]</i>
8	Сәрсен Н		<i>[Signature]</i>
9	Сабыр Е		<i>[Signature]</i>
10	Мастан М		<i>[Signature]</i>
11	Мағайбек А		<i>[Signature]</i>
12	Әмірзақ Ә		<i>[Signature]</i>
13	Шазинда С		<i>[Signature]</i>
14	Аммери С		<i>[Signature]</i>
15			
16			
17			
18			
19			

Сынып жетекшісі:

Г.Исаева

[Signature]

Түркістан облысы
Шардара ауданы
Шардара қаласы
«№2 Ж Жабаев атындағы бастауыш мектебі»

*„ЗАҢ және тәртіп-халықтық
Конституция құндылықтары„*



Сынып жетекшісі: Азбергенова Ұ

Бекітілді _____

Сынып сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар

Сынып сағаты	Заң және тәртіп	
Күні	25.05.2026ж	
Сынып жетекші:	Азбергенова Ұ	
Сынып:	Қатысушылар саны: 16	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)	«Құқықтық сана»	
Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып, оқушылардың ойлау, тыңдау, сөйлеу мәдениетін дамыту.	
Құндылықтарды дарыту	Конституцияны, құқықтық нормативтік актілерді орындау	
Ресімдеу	Слайд, презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	Интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	Мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар Сабақтың никалық құ - жабдықты Компьюте
Ұйымдастыру кезеңі (7 мин)	<p>Заңды аттамай тура жолмен жүріп өлең адал қызмет еткен азамат қанам ұратына жетеді. Сондықтан заңды білу заман талабы.</p> <p>«Құқықтық сауаттылық – заман талабы» айдарымен ұйымдастырылып отырған ашық тәрбиесі сағатымызға қош келдіңіздер!</p> <p>Сайыстың жоспары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тааныстыру (топаты, өмірлік ұстанымы, топ төс белгісі мен таныстыру). 2. Тікелей сұрақ (әр топқа заң, құқық тақырыптарына қатысты 10 сұрақ қойылады. <p>Әрбір дұрыс жауап бір ұпаймен есептеледі)</p> <ol style="list-style-type: none"> 3. «Ойжалғау» (мақалдың жалғасын табу) 4. «Адасқан әріптерді орналастыр» (термин сөздер) 5. Суретті баптар (әр топқа мақалдар беріледі, 	Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады.	Компьюте

	<p>мағынасын қарап, Конституция бойынша баптарға келтіріп, оқушылар соны суреттеп көрсету)</p> <p>6. «Ойталқы» Берілген сұраққа әртүрлі түжырымдарын білдіреді (уақыт 3 минут)</p> <p>7. Қорытынды (әділқазыалқасының қорытындысы)</p>		
<p>Сабақ басы (13 мин)</p>	<p>«Әділет» тобының сұрақтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Конституция сөзінің аудармасы қандай? (Құрылым, өкілім) 2. ҚР-ның биліктің бірден бір бастауы (халық) 3. Республика заңдары қай кезде күшіне енеді? (Президент қол қойғаннан кейін) 4. Егеменді қалғаннан кейін ҚР-да Конституция қағиарет қабылданды? (2-рет 1993 жылы 28-қаңтар, 1995 жылы 30-тамыз) 5. Республикадағы жоғары заң шығарушы органды ата? (Парламент) 	<p>«Ақиқат» тобының сұрақтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. ҚР тәуелсіздігін қашан қабылдады? (1991 жылы 16-желтоқсан) 2. ҚР-ның төл теңгесі қашан қолданысқа енгізілді? (1993 жылы 15-қараша) 3. ҚР-ның «Мемлекеттік нышандары» туралы заң қай жылы қабылданды? (1992 жыл 4-маусым) 4. «Жеті жарғыны» қабылдаған қазақ ханы кім? (Тәукехан) 5. Балақұқықтары туралы конвенция қашан қабылданды? (1989 жылы 20-қараша) 	<p>презентация</p>

20

III бөлім «Ой жалғау»
(мақалдардың жалғасын табу)
«Әділет» тобына
1. Заңның құрығы ... (бәрінен ұзын)
2. Өш алғаннан гөрі ... (кешірген жөн)
3. Ақырын жүріп ... (анық бас)
4. Асылтастан ... (өнер жастан)
5. Тура биде ... (туған жоқ)
«Ақиқат» тобына
1. Ұрлық түбі ... (қорлық)
2. Жазасын тартпайтын ...
(жамандық жоқ)
3. Әдетті бала ... (арлы бала)
4. Тәрбие ... (отбасынан басталады)
5. Әділістің ... (артың ісі)

Оқушылар мақалдың жалғасын табады

Компьюте

«Аласқан әріптерді орналастыр»
(термин сөздер)
«Әділет» тобына
1. ЕКОНЮС – БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы
2. АТКРДЕИЯМО – халықаралық кінемесөз білігі
3. ЕНТЕЗПРИДЕ – мемлекет басшысы
«Ақиқат» тобына
1. УАТРА – айырбас үшін арнайы өндірілетін өнім
2. АТТӨЛЖҰҚ – азаматтықты куәландыратын құжат
3. РПАЕЛМАНТ – заңшыға рушы орган

«Әділет» тобына
Тақырыбы:
Жастардың қылмысқа итерме лейтінне?
«Ақиқат» тобына
Тақырыбы:
Жастар арасындағы қылмысқ ажел бермеу үшін не істеу керек?

презента

Шексерілді
25.05.2026
Ал

«Заң және тәртіп» сынып сағатынан көрініс



Шардара қаласы

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

Психологиялық тренинг:
“Бір мақсат – бір бағыт”

Педагог-психолог: О.Залова

2025-2026 оқу жылы

Психологиялық тренинг: “Бір мақсат – бір бағыт”

Мақсаты:

Мұғалімдер арасында командалық рух пен сенімділікті арттыру;
Ұжымда бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
Әріптестер арасында өзара түсіністік пен қолдауды нығайту.
Қатысушылар: мұғалімдер

Өткізу форматы: топтық тренинг (дөңгелек үстел түрінде)

1. Кіріспе бөлім (10 минут)

Жүргізуші сөзі:

«Құрметті әріптестер! Бүгінгі тренингіміздің тақырыбы – “Бір мақсат – бір бағыт”.

Біз бәріміз бір мектептің, бір команданың мүшесіміз.

Ортақ мақсатқа бірге жету үшін сенім мен бірлік қажет.

Ендеше, көңіл-күйімізді көтеріп, бір-бірімізге қолдау білдірейік.»

Жаттығу: «Шеңбер бойымен жылы лебіз»

Қатысушылар дөңгелене тұрып, оң жағындағы әріптесіне жылы сөз, тілек немесе мақтау айтады.

Мысалы: «Сіз әрқашан оқушыларға мейіріммен қарайсыз, соны бағалаймын!»

2. Негізгі бөлім (40 минут)

Жаттығу 1: «Ортақ сурет» (15 мин)

Мақсаты: топта бірлесіп әрекет ету қабілетін дамыту.

Өткізілуі:

Әр топқа үлкен қағаз бен түрлі-түсті фломастерлер беріледі.

Тапсырма: «Біздің ұжым қандай?» деген сұраққа жауап беретін сурет салу.

(мысалы, ағаш – мектеп, тамыр – ұстаздар, жеміс – оқушылар).

Соңында топтар суреттерін таныстырады.

Талқылау сұрақтары:

Бірлесе жұмыс істеу қаншалықты оңай/қиын болды?

Кім қандай рөл атқарды?

Топтағы үйлесімділікке не көмектесті?

Жаттығу 2: «Арқаға жазылған сөз» (10 мин)

Мақсаты: бір-бірінің жақсы қасиеттерін көру.

Өткізілуі:

Әр қатысушының арқасына парақ жабыстырылады.

Басқалары оның жақсы қасиеттерін, кәсіби күшті тұстарын жазады.

(мысалы: “Креативті”, “Мейірімді”, “Жауапкершілікті”).

Соңында бәрі өз парағын оқып, әсерімен бөліседі.

Жаттығу 3: «Бір мақсат – бір бағыт» (15 мин)

Мақсаты: ұжымдық стратегияны қалыптастыру.

Өткізілуі:

Тақтаға “Біздің ортақ мақсатымыз не?” деген сұрақ жазылады.

Мұғалімдер өз идеяларын қағазға жазып, тақтаға іледі.

Барлығы бірігіп, ең маңызды 3 ортақ мақсатты тандайды.

(мысалы: “Оқушылардың шығармашылығын арттыру”, “Ұжымдық қолдау мәдениетін дамыту”).

3. Қорытынды бөлім (10–15 минут)

Жаттығу: «Жұлдызды тілек»

Әр қатысушыға қағаздан киялған жұлдыз беріледі.

Ол жұлдызға “Менің ұжымымның болашағына тілегім” деп жазады.

Барлығы жұлдыздарын ортақ плакатқа жапсырады.

Жүргізуші қорытындылайды:

> «Біз әрқайсымыз жекелеген жұлдызбыз, ал бірге болғанда аспанды жарық етеміз.

Бір мақсат пен бір бағыт – табысты ұжымның кепілі!»

Қажетті құралдар:

А3 қағаздар

Фломастерлер, түрлі-түсті маркерлер

Стикерлер, скотч

Әуен (тыныш, позитивті фон)

Жұлдыз пішініндегі қағаздар

Педагог-психолог: О.Залова

МӘЛІМЕТ

Түркістан облысы Шардара аудандық білім бөлімінің 2026 жылғы 30 наурыздағы №241 бұйрығына сәйкес, аудандық білім бөлімі мен аудандық полиция бөлімі бірлесіп ұйымдастырған «Жасөспірім» онкүндігі аясында бастауыш білім беретін мектепте бекітілген жоспарға сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

2026 жылдың 02 сәуір күні "Құқықбұзушылық әлімжеттік, зорлық-зомбылық, ақша жинау, нашакорлық пен есірткі, темекі және алкоголь өнімдерін пайдаланушыларды анықтау ақсатында сауалнама алынды.

Сауалнама нәтижелері оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып талданды. Бастауыш сынып оқушылары арасында құқықбұзушылық, әлімжеттік, зорлық-зомбылық сияқты жағымсыз әрекеттердің алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың басым бөлігі аталған мәселелер туралы жалпы түсінікке ие болғанымен, кейбір жағдайларда олардың мәнін толық ажырата алмайтыны анықталды.

Сондықтан жас ерекшеліктеріне сәйкес профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылып, әңгімелесу жұмыстары өткізілді. Ата-аналармен де байланыс орнатылып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зиянды әдеттердің алдын алу бойынша ұсыныстар берілді.

Жалпы, жүргізілген жұмыстар оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, жағымсыз әрекеттердің алдын алуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталды.

Педагог-психолог: О.Залова

МӘЛІМЕТ

Түркістан облысы Шардара аудандық білім бөлімінің 2026 жылғы 30 наурыздағы №241 бұйрығына сәйкес, аудандық білім бөлімі мен аудандық полиция бөлімі бірлесіп ұйымдастырған «Жасөспірім» онкүндігі аясында №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш білім беретін мектепте бекітілген жоспарға сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

2026 жылдың 02 сәуір күні «Балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау» тақырыбында түсіндіру жұмыстары өткізілді. Аталған іс-шараға Шардара аудандық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Сабден Гауһар Шырынбайқызы және мектеп педагог-психологы Залова Оразкүл Мәжітқызы қатысып, 4-сынып оқушыларына құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Педагог-психолог: О.Залова

МӘЛІМЕТ

Түркістан облысы Шардара аудандық білім бөлімінің 2026 жылғы 30 наурыздағы №241 бұйрығына сәйкес, аудандық білім бөлімі мен аудандық полиция бөлімі бірлесіп ұйымдастырған «Жасөспірім» онкүндігі аясында №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш білім беретін мектепте бекітілген жоспарға сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

03.04.2026ж. Мектепте оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, әлімжеттіктің жолын кесу және тәртіп бұзушылықтың болдырмау мақсатында жоспарға сәйкес жүйелі түрде профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

Аталған бағытта төмендегідей жұмыстар атқарылды:

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында мектеп инспекторымен кездесулер ұйымдастырылып, оқушыларға құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Психологиялық қызмет тарапынан оқушылар арасында әлімжеттіктің алдын алу мақсатында тренингтер мен профилактикалық әңгімелер өткізілді.

Атап айтқанда, «Қақтығысты шешу жолдары», «Менің мінез-құлқым» тақырыптарында топтық жұмыстар жүргізіліп, оқушыларға эмоцияны басқару, бір-біріне құрметпен қарау дағдылары үйретілді.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында түрлі спорттық жарыстар, мәдени іс-шаралар, үйірмелер ұйымдастырылып, оқушылардың мектеп өміріне белсенді қатысуына жағдай жасалды.

Қорытындылай келе, профилактикалық жұмыстар өз нәтижесін беріп, алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылатын болады.

Педагог-психолог: О.Залова

Түркістан облысы
Шардара қаласы
Аудандық білім бөліміне қарасты
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

«Қауіпсіздік туралы ақпарат»



Дайындаған: М. Аскарбекова

2025-2026 оқу жылы

Мектеп	Түркістан облысы, Шардара қаласы, №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі
Педагогтің аты-жөні:	М.Аскарбекова
Күні:	21.10.2025 ж
Сыныбы: 2«А»	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Қауіпсіздік туралы ақпарат
Сабақтың мақсаты:	Оқушыларды өз өмірі мен денсаулығын қорғау негіздерімен таныстыру, қауіпті жағдайларды болдырмау үшін қажетті қауіпсіздік ережелерін меңгерту, олардың жауапкершілігін арттыру.
Қндылықты дарыту	Өмір мен денсаулықты құрметтеу – Оқушыларға өз өмірі мен денсаулығының маңыздылығын ұғындырып, оны қорғауға үйрету. Жауапкершілік – Өз және басқалардың қауіпсіздігі үшін жауапты болу сезімін дамыту. Сақтық пен алдын алу – Қауіпті жағдайларды болдырмауға тырысу және оларды дұрыс шешу жолдарын үйрету. Қамқорлық – Өзінің және өзгелердің қауіпсіздігіне қамқорлық көрсетуге баулу. Ынтымақтастық – Топтық және жұптық жұмыстар арқылы бірлесіп жұмыс істеу, бір-біріне көмектесу.
Музыкалық және бейне көркемдеу	Ютуб арнасы, музыкалық бағдарлама
Үлестірмелі материалдар	Үлестірмелі материалдар, платформалық жұмыстар
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Слайд, презентация

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің ісәрекеті	Оқушының ісәрекеті	Бағалау	Ресурстар
	- «Біз қандаймыз?» әдісі арқылы ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырып алады. - Сабаққа дайындықтарын тексереді	Ынтымақтастық атмосферасына қатысады Қауіпсіздік туралы білетін	Жарайсың! Тамаша!	Жасанды интеллект https://youtu.be/oCPp_7Rbrao?feature=shared

	<p>- Балалар «қауіпсіздік» дегенде көз алдыларына не елестейді? - Сендер қай кезде өздерінді қауіпсіз сезінесіңдер? - - https://youtu.be/oCPr_7Rbrao?feature=shared - Балалар, мына видеоға мұхият қараңдаршы;</p>  	<p>ақпараттарын бөліседі.</p> <p>Видео тамашалайды</p> <p>Қауіпсіздік ережесімен таныады.</p>		
<p>Сабактын ортасы 10 минут</p>	<p>Балалар, мына суреттерге мән беріп мына балалардың әрекеті дұрыс па? Жауап беріндерші?</p>	<p>Суреттегі балалардың әрекетінің дұрыс немесе бұрыс екенін айтады.</p>	<p>Тамаша! Керемет!</p>	<p>https://www.educaplay.com/learning-resources/20350057-learning_resource.html слайд қауіпсіздік суреттері</p>



«Иә» немесе «жок» ойыны
https://www.educaplay.com/learning-resources/20350057-learning_resource.html
 1) Ата – ананың рұқсатынсыз суға түсуге болады ма? (жок)
 2) Қарғы уақытта ата – ана рұқсатынсыз көшеде жүруге болады ма? (жок)
 3) Жаяу жүргінші жолағынан қалай өтесін?
 4) Үйде үлкендер жоқ кезде сірінкемен ойнау керек пе? (жок)
 Тамаша!



Иә немесе жоқ деп жауап беріп сұрақтарға жауап береді

	<p>2 – тапсырма (жұптық жұмыс) «Дұрыс немесе бұрыс» Балалар, мен сендерге қазір жол жүру ережесінің үлестірмелі материалдарын таратамын. Қай әрекет дұрыс немесе қайсысы бұрыс екенін көрсетіңдер.</p>	<p>Жолда жүру ережелерінің қайсысы дұрыс қайсысы бұрыс екендігін көрсетеді</p>	<p>Ақ парактар Сызбалар Қарандаштар</p>
<p>Сергіту сәті 2 минут</p>	<p>СЕРГІТУ СӘТІ</p>	<p>Бағдаршам әнін айтып қимыл жасайды</p>	<p>Жарайсың! Керемет!</p>

10 минут

ЕСІНДЕ САҚТА!



3 – тапсырма (топтық жұмыс)

Әр топ өзіне берілген тапсырманы орындайды

1 – топ: Бір оқушының үйден мектепке дейінгі жолын сызады (жолда жаяу жүргінші жолағы, бағдаршам, көшелер болуы керек)

2 – топ: Баланың суға түсу ережесін жазады

3- топ: Үйде ата – ана болмаған жағдайда газ және өрт қауіпсіздіктерін қалай сақтайтындықтарын көрсетеді

4 – тапсырма «Білімді бала» әдісі

1) Қылмыс болғанын көрсен қандай номерге хабарласасың? (102)

2) Үйде үлкендерсіз қалғанда қандай өрт қауіпсіздігін Ата – анасыз сыртта жүрген

Әр топ өзіне берілген тапсырманы орындайды.



От шашу!

Жарайсың!

Жылдам сұрақтарға жауап береді.

	<p>кезде өз жеке басынның қауіпсіздігіне қалай мән бересің?</p> <p>4) «Тілсіз жау» деп нені айтады? (от)</p> <p>5) Үйден газдың иісін сезсең қалай әрекет етесің?</p> <p>6) Жолдан өту кезінде қандай қауіпсіздік ережесін сақтайсың?</p> <p>7) Өрт кезінде қандай номерге хабарласасың? (101)</p> <p>8) Үйде адамдар ауырып қалса қандай номерге хабарласасың?</p> <p>9) Бағдаршам деген не?</p> <p>10) Суға түсу қауіпсіздігі туралы айт</p>			
Рефлексия 8 минут	https://view.genially.com/66aa50b9162aa00d4d44600b Онлайн кері байланыс	Кері байланыс береді		https://view.genially.com/66aa50b9162aa00d4d44600b

«Қауіпсіздік туралы ақпараттан көрініс»



Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы» тренингінен
көріністер



Х А Т Т А М А

Күні: 05.01.2026ж

Қатысқандар: мұғалімдер-12

Тақырыбы: «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы» тренингі

Мақсаты: Педагогтардың эмоционалды тұрақтылығын дамыту.

Стресске төзімділік деңгейін арттыру және өзін-өзі басқару дағдыларын жетілдіру.

Эмоциялық интеллектті дамыту арқылы жұмыс тиімлігін арттыру.

Тренингтің құрылымы:

1. Кіріспе

2. Теориялық бөлім

Эмоционалды тұрақтылық дегеніміз не?

3. Практикалық жаттығулар

3.1. "Тыныс алу арқылы тыныштану"

3.2. "Эмоцияларды тану және басқару" жаттығуы

4. "Бақыт калоны" жаттығуы

5. "Ғажайып дүкен" жаттығуы.

6. Қорытынды және кері байланыс

Қатысушылар өздеріне ұнаған сәттерді айтып, тренинг туралы пікірлерін жазды, өз ойларымен бөлісті.

Тренингтің нәтижесі:

Қатысушылар эмоционалды тұрақтылықтың маңыздылығын түсінді.

Эмоцияларды басқару және стресске қарсы тұруға көмектесетін әдістерді меңгерді.

Қарым-қатынастағы икемділік пен жұмысқа деген мотивацияны арттырды.

Педагог-психологтар: О.Зилова

